

Жалпы, коғамдық көлік туралы сөз қозғалғанда көбі теріс пікірді алға тартады. Мүмкін, оған себеп бар да шығар. Дей тұрғанымен, халықпен жұмыс істеу – қиынның қиыны. Кейде түймедейді түйедей ету көрінісі байқалатындай. Келенсіздікпен күресудің түрлі жолы болады. Коғам тарапынан талап болса, темірдей тәртіп орнату қиын емес. Тек осы орайда бір жағадан – бас, бір женнен – қол шығару бізге жетіспейтінін мойындауымыз керек. Қалай десек те, түйткілді мәселені шешу – жауапты органдардың негізгі міндеті, қызметі. Оған дау жоқ. Біз бүгінгі мақаламызда қала аумағындағы коғамдық көлік қызметінің жай-күйі туралы қозғаламыз.

Естеріңізде болса, облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қызмет бабының алғашқы күндері «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-на барған еді. Оңір басшысы мекеменің ағымдағы қызметімен танысып, негізгі бағыттарын атап өткені бар. Бірінші кезекте, бұл – жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту, мекеме кірісін ұлғайту және автопаркті жаңарту. Мұнда мекеменің атқарып жатқан жұмысы әкім тарапынан оң бағаланып, автопарк жұмысын жақсарту бойынша тапсырмалар берілді. Әрине, екінші жартыжылдықта жолаушыларға арналған электронды билеттерді енгізу бойынша ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Аймақ басшысы коғамдық көлікке мініп, елмен етене екенін көрсетті, саланың қадағалаушы органдарына тиісті тапсырмалар берді, автопарктің жұмысын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасын табатынын жеткізген болатын.

Бүгінде қала көлемінде қалаішілік (25 бағытта) және қала маңына қатынайтын (6 бағытта) барлығы 758 авто-көлік тұрғындарға екі ауысыммен қызмет көрсетіп келеді. Оның үлкен сыйымдылықтағысы – 112, орта сыйымдылықтағысы – 304 және кіші сыйымдылықтағысы 342-ні құрайды.

2017 жылы Қызылорда қаласында жалпы аумағы 5 гектар жерге сыйымдылығы 200 заманауи автобуска арналған жаңа үлгідегі автобус паркі салынып, пайдалануға берілген болатын. Қазіргі таңда серіктестік 400 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жаңа коғамдық көліктердің барлығында бейнекамера мен GPS қондырғылары орнатылған және оларда жоспарға сәйкес билеттік жүйе енгізілген.

Калаішілік жолаушылар тасыма-лымен айналысатын багыт- бригадирлері мен жүргізушілер тарапынан билеттік жүйемен жұмыс істеу барысында түсініспеушіліктердің алдын алу мақсатында, облыстық кірістер департаменті, қалалық жергілікті полиция қызметі мен «Қызылорда» авто-бус паркі» ЖШС тарапынан түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, билеттік жүйеден бас тартқан жеке кәсіпкерлермен келісімшарт бұзылып, жұмысы тоқтатылатындығы жөнінде ескерту берілуде.

Арнайы бекітілген рейдтік іс-шара жоспарына сәйкес апта-сына 2 рет (сейсенбі, жұма) рейдтік іс-шара ұйымдас-тырылып отырады. 2019 жылдың 6 айымен жана үлгідегі үлкен сыйымдылықтағы автобустарда жолаушыларды билетсіз тасымалдағаны үшін 12 кондукторды анықтап, серік-тестік тарапынан тиісті құжаттар жинақталып, «Қызыл-орда облысы бойынша қоліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемесіне жолданды. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 623-бабының 9-тармағына сәйкес, әрбір кондукторға 5 айлық есептік қорсет-кіш көлемінде айыппұл салын-ған.

Қоғамдық қоліктердің қор-сететін қызмет сапасын арт-тыру және қала тұрғындарымен тығыз қарым-қатынас орнату бағытында бөлімнің арнайы жұмыс істеп тұрған «WhatsApp» мессенджері мен «Фейсбук» парақшасы арқылы, сонымен қатар, Қызылорда қаласының әкімдігі мен бөлімге келіп түскен арыз-шағымдар, хабарламалар мен ұсыныс ескертпелерді ескере отырып, қызмет қорсетуші тарапынан талаптарды орындамаған жағдайда, ескерту жұмыстары жүргізіліп, қатан шаралар қабылдануда.

Қала көшелерінде қоғамдық қоліктермен болатын жол апаттарының алдын алу мақсатында, қалалық жергілікті полиц-ия қызметі және қала әкімдігімен бірлескен рейд жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттандырылып отырады.

Рейд жұмыстары барысында тек жол ережесіне қатысты ғана емес, сонымен қатар қызмет қорсету сапасын арттыру, автоқоліктердің техникалық жағдайы, аралық интервалды сақтау, жолаушылармен қарым-қатынас этикасын сақтау мәселелері бойынша түсін-дірме жұмыстары жүргізіліп отырады.

Сонымен бірге қоғамдық қоліктерде көп тараған қыл-мыстың түрі, қалта ұрлық-тарының алдын алу мақсатында үлкен және кіші сыйым-дылықтағы қоғамдық қолік-терге белгіленген сыйымдылығынан артық жолаушыларды мін-гізуіне тосқауыл қою бағытындағы іс-шаралар күнделікті қатан бақылауға алынған.

Кызылорда қаласындағы қалаішілік бағыттағы қоғамдық көліктерде жол жүру жеңілдіктерін қарастыру мақсатында қала әкімдігінің ұсынысымен тасымалдаушы мекеме тарапынан 1-топ мүгедектері мен 17 жасқа дейінгі балаларға тегін жүру, 70 жастан асқан зейнеткерлерге 50 пайыздық жеңілдікпен жүру қарастырылған. *Қоғамдық көліктерге жол-ақ-ысы – ересектер үшін 90 теңге және мектеп оқушылары үшін 40 теңге болып белгіленген.*

Жыл сайын қала аумағы кеңейіп, «Нұр Орда», «СПМК-70», Жаппасбай батыр көшесі бойында жаңадан салынған үйлер мен Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңадан бой көтерген молтек аудандар ашылуда. Осыған байланысты жаңа молтек аудандарға қоғамдық көлік қатынасын ұйымдастыру бағытында жол сызбалары әзірленіп, №5, 7, 10, 13, 18, 20, 31 бағыттағы қоғамдық көліктер халыққа қызмет көрсетуде.

«Нұр Орда» молтек ауданына қатынайтын қоғамдық көліктер – № 13, 20, 31, «СПМК-70» м/а – № 5, 21, Жаппасбай батыр көшесіндегі жаңадан салынған үйлерге – № 7, 10, Сырдария өзенінің сол жағалауына – № 18.

Алдағы уақытта қаламызға жаңадан автобустар алу жоспарлануда, осыған сәйкес облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына 140 дана автобус алуға бюджеттік отінім жолданып, облыстық бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда тиісті жұмыстар атқарылатын болады.

Қала тұрғындарының қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру және қаламыздағы көлік қатынасын дамыту мақсатындағы жұмыстар алдағы уақытта да тиісті деңгейде жалғасын табады.

Халық-хабар